

## Екі жыл онлайн оқудың зардабы ондаған жылдарға созылады

НҰР-СҰЛТАН. ҚазАқпарат. Білім саласының сарапшыларымен кездескен Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек онлайн оқытудың зардаптары туралы баяндады.

– Соңғы 2 жылда біз ең құнды дүниемізді жоғалттық. Дәлірек айтсақ, пандемия салдарынан білім сапасы құлдырады. Осы уақыт аралығында болған онлайн оқудың зардабы ондаған жылдарға созылуы мүмкін. Бұл өз кезегінде қылмыстардың көбеюіне, сауаттылық және табыс деңгейінің төмендеуіне әкеліп соғады. Сонымен қатар жоғары оқу орындарында оқитын студенттер қатары қысқарды, – деді министр.

Қоса кетсек, бұл уақытқа дейін Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек елімізде ғылыми қызметкерлер тапшы екенін мәлімдеген болатын.

1973 жылдың 13 сәуірінен  
шыға бастады  
[mangystaumedia.kz](http://mangystaumedia.kz)



ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

# МАНҒЫСТАУ

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

№87 (10163) 25 тамыз, бейсенбі, 2022 жыл

## ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ РЕСМИ САПАРМЕН ӘЗІРБАЙЖАНҒА БАРДЫ

БАКУ. Ақорданың хабарлауынша, кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ресми сапармен Әзірбайжанға барды.

Баку әуежайында Қазақстан Президентінің Әзірбайжан Премьер-министрінің бірінші орынбасары Ягуб Эюбов пен







## ЖАТ АҒЫМҒА ТӘН НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕР

XXI ғасырда интернеттің дамуымен қатар, виртуалды әлемдегі теріс деструктивті ағымдардың да белсенділігі артып отыр. Бұрын көше кезіп өз сенімдерін таратқан олар бүгінде толықтай ғаламторға көшті десе болады. Дегенмен, белгілері өзгерген жоқ. Оларды тану үшін адамға дін ғұламасы болу керек емес. Жат ағымдардың негізгі белгілерін тани білсе, кез келген адам теріс идеологияны таратқан дінбұзарлардың қақпанынан аман қалмақ.

**Ш**ынтуайтында, бүгінде жат ағымға кіру қиын емес, бұл процесс көбіне көшеде, үйіңіздің жанында немесе интернетте бейтаныс адаммен өмір туралы қарапайым әңгімеден басталады. Мамандардың айтуынша, көбінесе адамдар діни ағымдарға өмірі қиындыққа толған кезде кіріп кетеді екен. Оны деструктивті діни ағым өкілдері жақсы меңгеріп алған. Әсіресе қыз балалардың WhatsApp-та, басқа да желілерде статуска қойған суреттерінен, жазбаларынан оның қандай күйде жүргенін тап басып анықтай алады. Өмірде қиыншылық көріп жүрген адам болса, сектанттар оны әңгімеге тартып, қамқорлық көрсеткен болып, жақсы адам ретінде бауырына тарта бастайды. Бұл, әрине, кез келген адамға жақсы әсер қалдыратыны белгілі.

Кез келген адамда жат ағымдарға қатысты белгілі бір күмән болғанымен, деструктивті ағым өкілдері өздерінің пысықталған және дайындалған сөздері және дәлелдерімен адамның бойындағы күмәннің бәрін көкке ұшырады. Осылай жаңадан қосылған адам сыни ойлаудан қалып, өзге шындықтарды қабылдамайтын күйге түседі. Олар басқа дәлелдерді, сенімдерді, көзқарастарды қарауға немесе оқуға қорқады. Сондықтан олар кітапханаларға бармайды, теледидар көрмейді, газет оқымайды, әлеуметтік желілерде белсенді емес. Нәтижесінде, жаңадан келген адам тек өзіне айтылған мәліметті көреді, басқа айтылғанның бәрін теріске шығарады.

Деструктивті діни ағым өкілдері әлемдегі басқа адамдардың бәріне теріс көзқараста болады. Тіпті отбасы мүшелерінің, достарының, басқа да жақындарының күнәларын тізбектеп, мазақ етеді, олардың адамдық қадір-қасиетін төмендетеді, екінші дәрежелі адамдарға жатқызады. Нәтижесінде олармен жақын қарым-қатынасты шектеу, тіпті үзуге дейін барады.

Жат ағым мүшелерінен отаншылдық сезімді көру қиын. Өнұран айтуға және мемлекеттік органдарда жұмыс істеуге, әскерге баруға болмайды дейді, мемлекеттік билікті мойындамайды, ресми мерекелерге қатысуға тыйым салады, заңдарға бағынбауға шақырады.

Олар тек өздерінің ғана ақиқат жолда екендіктеріне сенімді және солар ғана жұмаққа баратынын айтады. Басқа дәстүрлі діндерді дұрыс емес, ойдан шығарылған, «шайтанның өнімі» деп қаралайды.

«Нұр Мұбарак» университетінің ұстазы, белгілі исламтанушы Жалғас Садуахасұлы деструктивті діни ағымдардың мынадай белгілерін айтады:

«Жат діни идеологиялардың барлығы да алғашқы кезде адамға жылы күліп, гуманистік, ізгілік, адамгершілік ойларды көп айтып, сырт көзге жақсы көрінуге тырысады. Бұл бар болғаны азаматтардың басын айналдырып, өз қатарларына тарту үшін пайдаланатын бүркенішті реңк екенін естен шығармаған жөн.

Айласын асырып, көздеген адамын өз қатарына қосқан соң, оған «өзіміз» деп басқа идеология құя бастайды. Оны қасындағы ағайын-туысынан, ата-анасынан, жора-жолдастарынан айырып, керек болса өмірлік жарынан ажыратып, өздерімен пікірлерес топқа, жамағатқа қосады.

Келешекте өздеріне басымен тәуелді ету мақсатында оны өз араларынан бірімен үйлендіреді. Міне, мұнан соң жат ағымның жетегінде кеткен азамат, тек сол ағымның идеологиясы үшін өмір сүріп, сол үшін күреседі. Оған жан-жағындағы өмір, қоғам қызық емес. Оны мемлекеттің мүддесі, ұлтаралық қатынас, конфессияаралық бірлік, жер байлығы, патриотизм, Отан алдындағы борыш, ата-ана алдындағы міндет, дәстүр деген сияқты көптеген маңызды дүниелер құндылығын жоғалтады.

Мұнан соң ол сол жат діни ұйым немесе ағым үшін жұмыс жасайды. Сөйтіп, тыныш әрі бейбіт өмір сүріп жатқан елдің ішіне іріткі салуға кіріседі. Діни ұйымға немесе бірлестікке, жамағатқа мүше болып кірген азаматтар үшін қоғам бұдан былай «біз» және «басқалар» болып шыға келеді. «Біз» дегеніміз өзін пікірлес ұйым мүшелері, ал «басқалар» дегеніміз сіз бен біз, яғни олардың идеологиясын қолдамайтын қазақ елінің азаматтары.

Сондықтан олар мемлекет идеологиясына, бірлік саясатына қарсы. Кешеге дейін қазақ елінің жерінде өсіп, өніп, білім алып, кәсіп қылып, асын ішіп, нанын жеп келген азамат бүгінде жат елдің, теріс ағымның күйін күйттеп шыға келеді.

Осы айтылғандарды қорытындылай келе, деструктивті діни ағымдардың мынадай 10 белгісін түйіндеп атауға болады:

1. Өздерін ғана ақиқат жолдамыз дейді;
2. Зайырлы мемлекеттің заңдарын, билік органдарын, басқару құрылымын мойындамайды;
3. Адамдарды ақиқат жолдағылар және адасқандар деп бөліп, дінаралық дүрдараздық тудырады;
4. Мәзһабтарды жоққа шығарады;
5. Белгілі бір мемлекетке немесе халыққа тән салт-дәстүрлерді мойындамайды;
6. Зайырлы мәдени іс-шараларға бармайды, мерекелерді тойламайды;
7. Әйелдерге қолдан-қолға өтетін бұйым ретінде қарайды, олардың құқығын таптайды;
8. Азаматтық міндеттерден, мысалы, әскерге барудан, вакцинациядан, т.б. бас тартады;
9. Қоғамға тән емес кейіпте болады (киімі, сақал-мұрты, т.б.);
10. Имамдарға бағынбайды, олардың білімі жоқ деп санайды.

Осындай негізгі белгілерін білген кез келген адам жат ағымның жетегіне еріп, олардың қолшоқпарына айналмайды деп үміттенеміз!

Конференция идентификаторы: 272 332 8273.

Пароль: 7rZN9v.

**Тапсырыс беруші:** «Ақтау қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ, Ақтау қ., 4-ш/а, 72-ғим., тел.: 8 (7292) 33-65-40.

**ЖЖ өзірлеуші:** «БАИ Жол-көлік кешені» ЖШС.

**ҚОӘБ жобасын өзірлеуші:** А.Жумабеков ЖЖ, тел.: 8 701 529 06 20, zaureshechka@mail.ru.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады: Ecorportal.kz.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты 8 701 529 06 20 телефон арқылы сұратуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мына мекен-жайы бойынша қабылдайды: moup@mangystau.gov.kz және Ақтау қаласы, 14-шағын аудан, 1-ғимарат.

«ҚазТрансОйл» АҚ Маңғыстау мұнай құбыры басқармасы 2022 жылы 7 қазан сағат 11.00-де Маңғыстау ауданы, Сай-Өтес ауылы, АО «Сай-Өтес» МАС акт залында «Өзен-Атырау-Самара» ММҚ Ø1020. Жалпы ұзындығы 76,5 км, 190–243 км., 244–267 км., 409–422,5 км. учаскелеріндегі құбырды ауыстыру» жұмыс жобасы, МШТ, МШЛ, ҚББ, ЭББ, ТҚШБ бойынша ашық жиналыс форматында қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды.

Шектеу шаралары енгізілген жағдайда, соның ішінде карантин кезінде қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде өткізіледі. Белсенді сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/78776280595?pwd=UjNkQ5v3FqYkNpCofTfg2TFHURj55>. **Конференция идентификаторы:** 787 7628 0595, **қолжетімділік коды:** 50N0PH; конференцияға қосылу бойынша сұрақтармен мына телефон бойынша хабарласуға болады: **8 (7292) 479 369.**

**Қызметтің бастамашысы** – «ҚазТрансОйл» АҚ ММҚБ; Ақтау қ. 8-38Б, БИН 000941000473, телефон 8(7292) 479-369; 479-347.

**Жобаларды өңдеуші** – «ҚазТрансОйл» АҚ ЗЭО филиалы, Ақтау қаласы, СЖБ БИН 000941000473, тел.: 8 (7292) 479-369; 479-347.

Жобалау құжаттаманың толық пакетімен бірыңғай экологиялық порталында және ЖАО сайтында: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco> танысуға болады. ЖАО мекен-жайы: Ақтау қаласы, 14-шағын аудан, әкімшілік ғимараты, 240 кеңсе.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу мерзімінен бұрын **3 жұмыс күннен** кем емес уақытта барлық ескертпелер және ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталында (ecorportal.kz), сондай-ақ Kanatbaeva\_G@kaztransoil.kz электрондық поштада қабылданады.

**Қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша алуға болады:** «ҚазТрансОйл» АҚ ММҚБ, Ақтау қаласы, 8-38 «Б», телефон: 8 (7292) 479-369; 479-347.

### «Маңғыстау Жарық» ЖШС хабарлайды

23.08.2022 жылғы №02-18-367 «Маңғыстау облысының Табиғи монополияларды реттеу комитеті Департаментінің» дәлелді қорытындысы негізінде 2022 жылы 1 қыркүйектен бастап «Маңғыстау Жарық» ЖШС-ның тұтынушылары үшін электр энергиясының құны бекітілді.

Ақтау қаласы мен Маңғыстау облысының Мұнайлы ауданында 1 кВт\*сағ үшін ҚҚС есепке алмағанда:

- тұрмыстық тұтынушылар (халық) үшін 17,40 теңге;
- заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін 21,38 теңге;
- мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар үшін 68,68 теңге;
- және Тұпқараған, Қарақия, Бейнеу, Маңғыстау ауданының тұтынушылары үшін 1 кВт\*сағ ҚҚС есепке алмағанда:
- тұрмыстық тұтынушылар (халық) үшін 17,40 теңге;
- заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін 25,77 теңге;
- мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар үшін 41,60 теңге.

Қосымша ақпаратты 202-262, 202-255 телефондары бойынша, info@mzharyk.kz электрондық поштасы арқылы, сондай-ақ «Маңғыстау Жарық» ЖШС-ның [www.mzharyk.kz](http://www.mzharyk.kz) ресми сайтынан алуға болады.

### Құжаттар жоғалды

1. Машина орнын сатып алу-сату шарты (28.05.2013 ж. №01-10) – тіркелген күні: 11.09.2013
  2. Меншік құқығы туралы куәлік (25.03.2016 ж. №02-2647) - тіркелген күні: 02.04.2016
- Осы құжаттарды тапқан адамнан қайтаруды сұраймын.  
Телефон: 8 702 321 1396.

Маңғыстау облысы экономикалық сотының 18.08.2022 жылы «GSR Phoenix» ЖШС-ға оңалту рәсімін қолдану туралы ісі қозғалды.

### ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы 12 қазан сағат 11.00-де ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, Маңғыстау обл, Жаңаөзен қ, Абай к-сі, «ӨМГ» конференц залының өндірістік блогында «ЖБШНУРНОиТК» жобасы бойынша қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды. Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда: <https://ecorportal.kz/>, сондай-ақ ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau> танысуға болады. ZOOM конференциясына қосылу: <https://zoom.us/j/6052609635>. Кіру коды: EA0BdF Өзірлеуші: Рыстафин Т.Д. тұлғасындағы «SquadroGroup» ЖШС, электронды пошта: info@squadro.kz

**«Өзенмұнайгаз» АҚ-ның мекен-жайы:** Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Сәтпаев көшесі, БСН 120240020997, тел.: 8 701 372 04 20.

### «Ақтау қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ

«5 шм болатын Нұрас жанар-жағармайдан арнайы Халыққа қызмет көрсету орталығына дейін автомобиль жолын жаңарту үшін» жұмыс жобасына және РШН, ҚББ, ЭЭБ жобаларына қоршаған ортаны қорғау бөлімінің жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

**Қоғамдық тыңдау 2022 жылы 6 қазан сағат 15.00-де** Ақтау қаласы, 4-шағын аудан, 72-ғимарат, қалалық әкімдіктің мәжіліс залында, 401-кеңседе өтеді.

Карантиндік шаралар ұзартылған жағдайда, қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында онлайн режимінде өткізіледі.

**Тыңдауға қатысу үшін сілтеме бойынша өту қажет:** [https://us04web.zoom.us/j/2723328273?pwd=qWAldr0NDbCWG4aT6NF9M5j\\_jlpV4m.1](https://us04web.zoom.us/j/2723328273?pwd=qWAldr0NDbCWG4aT6NF9M5j_jlpV4m.1).

### «CASPIBITUM «БК» ЖШС

ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес 2022 жылы 4 қазан сағат 10.00-де Ақтау қаласы, 5-Өнеркәсіптік аймақ, №65 ғимаратта «2022-2027 жылдарға арналған ОҚТ нормативтерінің жобасын түзету» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтеді. <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau>.

**Белгіленген қызмет бастамашысының деректемелері және байланыс деректері:**

«Caspi Bitum «БК» ЖШС Ақтау қаласы, 5-өнеркәсіптік аймақ, №65 ғимарат, Тел.: 8 (7292) 42-42-22. mail: sh.dzhonova@caspibitum.kz

**Құжаттаманы өзірлеушілердің деректемелері:** «Asia consult» ЖШС Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр даңғылы, 1/320 тел.: 8 771 908 9999.

Ескертулер мен ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда немесе қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін **3 жұмыс күнінен** кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады. moup@mangystau.gov.kz, Тел.: 8 (7292) 43-10-88.

Төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Конференцияға қосылу <https://us05web.zoom.us/j/87278157898?pwd=QmFwFwDUxZnFvczJb25mRGZnOF11Zz09>. Конференция идентификаторы: 872 7815 7898

**Кіру коды:** ZKbSs9. Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: asl\_71@mail.ru және тел.: 8 771 908 99 99..